

**6D080100 - «Агрономия» мамандығы бойынша  
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Абсатова Ботагоз Алияқбаровнаның «Оңтүстік Қазақстанның тәлімі  
 жерлерінде өсірілген ескі жоңышқалықтың өнімділігін «жасыл технологияны» қолдану арқылы арттыру» тақырыбындағы  
 диссертациялық жұмысына  
 ресми рецензенттің пікірі**

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) <u>диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</u> 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Қорғауға ұсынылған диссертациялық жұмыс ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс келесі ғылыми-техникалық бағдарламалар аясында жүргізілген: - Мемлекеттік тіркеу №0118РК01278, ЖТН BR06249365, «Батыс және Солтүстік Қазақстан жағдайында өнімділігі жоғары жайылымдық алқаптарды құру және оларды тиімді пайдалану» ғылыми-техникалық бағдарламасы бойынша, 2018-2020 жылдары жүргізілген ҚР АШМ қаржыландыруы аясында;
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады/қоспайды</u> , ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u> .	Зерттеу жұмысы ғылым мен тәжірибеге елеулі үлес қосады. Қазақстанның Оңтүстік өңіріндегі тәлімі жерлерде алғаш рет «жасыл» технологияны қолдану арқылы түп саны сиреп кеткен ескі жоңышқалықтың тұқым өнімділігін арттыру мен қатар ерте көктемде ескі жоңышқалықты жеңіл өңдеп түп саны сиреген танапқа жаздық арпа, мақсары, судан шөбін егіп көкбалауса мен шөп өнімділік құрылымына әсері зерттелініп зерделенді. Қолданылған өскін үдеткіші мен микротаңайтқыштың және жеңіл өңдеу технологиясының алынған өнім көрсеткіші мен сапалық

			құрылымына әсері анықталған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Өзі жазу деңгейі: жоғары. Ізденуші Б.А Абсатованың диссертациялық жұмысы ғылыми-зерттеу талаптарына толық сәйкес келеді. Зерттеу мазмұны терең, логикалық құрылымы жүйелі және бірізді баяндалған. Қолданылған әдістер мен алынған нәтижелер зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сай келеді және өзара жақсы үйлесім тапқан. Ғылыми баяндау тілі нақты, түсінікті, жазу мәтіні біркелкі сақталған. Бұл көрсеткіштер ізденушінің жұмысты өз бетінше орындағанын және оның ғылыми ойлау қабілеті мен зерттеушілік мәдениеті жоғары деңгейде қалыптасқанын дәлелдейді..
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген;	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі ғылыми тұрғыдан негізделген. Соңғы жылдары жоңышқа тұқымдарының тапшылығы сезілуде, бұл республикадағы көпжылдық шөптердің тұқым шаруашылығының бұзылуымен байланысты. Сондықтан кондициялық тұқым алу мақсатында ескі жастағы жоңышқа дақылдарының өнімділігін арттыру тәсілдері, сондай-ақ «жасыл технологияларды» қолдану арқылы шөптің шығымдылығын арттыру және де түп саны сиреген ескі жастағы жоңышқа дақылдарының өнімділігін арттыру мақсатында дәнді, бір жылдық мал азықтық шөптерді, майлы дақылдарды себу арқылы өсімдік жамылғысын тығыздау мал шаруашылығының жемшөп базасын шешудегі өзекті мәселе болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертацияның мазмұны зерттеу нысанын жан-жақты қамтып, тақырыптың мәні мен мазмұнын толық ашады.
		4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертацияның мазмұны зерттеу жұмысының ғылыми бағытына, мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді.

		<p>1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	
		<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен мазмұны өзара логикалық байланысқан. Зерттеу мақсаты, әдістемесі, нәтижелері және қорытындылары ғылыми талаптарға сай бірізді түрде баяндалған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	<p>Автор ұсынған жаңа ғылыми шешімдер мен әдістер негізделіп, бұрыннан белгілі тәсілдермен салыстырмалы түрде бағаланған. Зерттеу барысында қолданылған әдістерге сыни талдау жасалып, олардың тиімділігі мен артықшылықтары ғылыми тұрғыдан дәлелденген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациядағы ғылыми нәтижелер мен ережелер толығымен жаңа. Қазақстанның Оңтүстік өңіріндегі тәлімі жерлерде алғаш рет «жасыл» технологияны қолдану арқылы түп саны сиреп кеткен ескі жоңышқалықтың тұқым өнімділігін арттыру мен қатар ерте көктемде ескі жоңышқалықты жеңіл өңдеп түп саны сиреген танапқа жаздық арпа, мақсары, судан шөбін егіп көкбалауса мен шөп өнімділік құрылымына әсері зерттелініп зерделенген. Қолданылған өскін үдеткіші мен микротаңайтқыштың және жеңіл өңдеу технологиясының алынған өнім көрсеткіші мен сапалық құрылымына әсері анықталды.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары ғылыми жаңалыққа ие.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық және басқарушылық шешімдер ғылыми зерттеу нәтижелеріне</p>

		негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	толық негізделген және жаңашылдығымен ерекшеленеді. Бұл шешімдер қазіргі агротехнологиялар мен өндірістік тәжірибеде тиімді қолдануға мүмкіндік беретін инновациялық бағыттар ретінде ұсынылған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертацияда барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан толық дәлелденген және алынған нәтижелермен жан-жақты негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) <u>иә</u> ; 2) <u>жоқ</u> ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) <u>иә</u> ; 2) <u>жоқ</u> ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) <u>тар</u> ; 2) <u>орташа</u> ; 3) <u>кең</u> ;	7.1 Қорғауға ұсынылған қағидаттар мен ережелер алынған зерттеу нәтижелерімен жан-жақты негізделіп, толық дәлелденген. 7.2 Зерттеу нәтижелері мазмұны жағынан тривиалды емес және ғылыми жаңалық сипатында. 7.3 Ұсынылған қағидаттар мен тәсілдер ғылыми жаңашылдығымен ерекшеленеді. 7.4 Жұмыстың нәтижелері кең қолдану әлеуетіне ие және тәжірибеде пайдалануға бейім. 7.5 Диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары ғылыми басылымдарда жарияланып, тиісті дәлелдемелермен расталған

		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>иә</u> ; 2) жок; 3) бұл тұжырымда мақалада ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістемені таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>иә</u> ; 2) жок.	Иә, зерттеу әдістемесі нақты сипатталып, ғылыми тұрғыда негізделген. Жұмыста агротехникалық, фенологиялық және биометриялық әдістер кешені тиімді пайдаланылып, алынған нәтижелердің дәлдігі мен сенімділігі толық қамтамасыз етілген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>иә</u> ; 2) жок.	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы, ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>иә</u> ; 2) жок.	Иә, теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар далалық зерттеулер нәтижесінде дәлелденіп, олардың ғылыми негізділігі мен практикалық құндылығы расталды: эксперименттік жұмыс барысында ұсынылған әдістемелердің тиімділігі анықталды; зерттеу нәтижелері білім алушылардың оқу жетістіктеріне оң әсерін тигізетіні дәлелденген;
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтімілермен расталған /ішінара расталған/ расталмаған.	Иә, зерттеу барысында келтірілген маңызды мәлімдемелер мен теориялық тұжырымдар нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелер арқылы расталып, олардың ғылыми негізділігі қамтамасыз етілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби	Иә, Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу мәселесіне

		шолуға <u>жеткілікті</u> / жеткіліксіз.	қатысты отандық және шетелдік дереккөздерді қамтиды және жүргізілген әдеби шолудың мазмұнын толық қамтамасыз етеді.
9.	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) жоқ.	Иә, бар. Оңтүстік Қазақстанның тәлімі жерлерінде өсірілген ескі жоңышқалықтың өнімділігін «жасыл технологияны» қолдану арқылы арттырудың ғылыми негіздері анықталып, агробиологиялық ерекшеліктері мен өсіру заңдылықтары жүйеленген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ.	Иә. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелер еліміздің жоңышқа өсіретін аймақтарындағы шаруашылықтарда жоғары сұранысқа ие.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Автордың зерттеу нәтижелері негізінде жасалынған ұсыныстары толығымен жаңа.
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация жазудың ережелері мен талаптарына сәйкес рәсімделген.
11.	Диссертацияға ескертулер	<i>Диссертация жұмысы бойынша алынған қорытындылар жұмыстың міндеттері бойынша реттеліп қойылса дұрыс болар еді.</i> Көрсетілген ескерту диссертациялық жұмыстың құндылығын төмендетпейді және оңай жөнделеді.	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер	Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша негізгі нәтижелері 8 ғылыми еңбекте жарияланды, 4 мақала - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 2 мақала - халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинағында, 2 мақала Scopus деректер қорына кіретін Eurasian Journal of Soil Science ғылыми журналында жарияланды.	

	докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді	
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28- тармағына сәйкес)	Докторант Абсатова Ботагоз Алияқбаровнаның 6D080100 – «Агрономия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Оңтүстік Қазақстанның тәлімі жерлерінде өсірілген ескі жоңышқалықтың өнімділігін «жасыл технологияны» қолдану арқылы арттыру» тақырыбына жазылған диссертациясы жоғары дәрежедегі ғылыми еңбек. Ресми рецензенттің шешімі: Диссертациялық жұмысқа жоғары баға беруге болады, ал оның авторы 6D080100 – «Агрономия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

**Ресми рецензент:**

**«Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми зерттеу институты» ЖШС, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты**

**К.И. Кушеновтың қолын растаймын, «Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми зерттеу институты» ЖШС, бас ғалым хатшысы**



*Handwritten signature of K.I. Kushenov*

**К.И. Кушенов**

*Handwritten signature of A.K. Tadzieva*

**А.К. Таджиева**